

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 наурыздағы N 178 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 21 тамыздағы № 530 қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Үкіметінің 21.08.2020 № 530 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) "Әлеуметтік аударымдарды есептеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 683 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 25, 323-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Әлеуметтік аударымдарды есептеу ережесінде:

18-1-тармақтың бірінші абзацындағы "шот болмаған" деген сөздерден кейін " немесе төлеушінің банктік шотында (шоттарында) ақша жеткіліксіз болған" деген сөздермен толықтырылсын.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі